«Қазақстанда Халықаралық суды бағалау орталығының қызметін қамтамасыз ету»		
Бағдарлама: *254 «Су ресурстарын тиімді басқару»*	Жұмыстың толық құны:	110 685 051,78 тг.
Ішкі бағдарлама: *105 «Коршілес мемлекеттермен су қатынастарын реттеу, шекараралық суларды тиімді пайдалану және қорғау мәселелері бойынша ынтымақтастықты ұйымдастыру»*	2021 жылға арналған қаржыландыру лимиті:	48 413 000,00 тг.
Ерекшелігі: *156 «Консультациялық қызметтер мен зерттеулер үшін төлем»*	Орындалған жұмыстың, оның ішінде осы акт бойынша жұмыстардың құны:	
Мердігер: «Халықаралық Аралды құтқару қорының Қазақстан Республикасындағы атқарушы дирекциясы» қоғамдық қоры	а) жылдың басынан:	22 656 775,00 тг.
	б) есептік ай бойынша:	6 360 092,00 тг

АННОТАЦИЯЛЫҚ ЕСЕП

2021 жылғы маусым айы бойынша

2021 жылғы 23 ақпандағы № 2 қосымша келісім бойынша 25.06.2020 ж. № 83 Мемлекеттік сатып алу туралы шартына сәйкес

Әзірлеуші:
«Халықаралық Аралды құтқару қорының Қазақстан Республикасындағы атқарушы дирекциясы» қоғамдық қоры
Директор
Бекнияз Б.К.

2021 жылғы 21 маусым

Алматы қ. 2021 ж.

Халықаралық Арал теңізін құтқару қорының Қазақстан Республикасындағы Атқарушы дирекциясы» қоғамдық қорының «Халықаралық суды бағалау орталығы» филиалының аннотациялық есебі

2021 жылғы маусым айына

Халықаралық суды бағалау орталығының (*бұдан әрі – ХСБО*) 2021 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес есепті айда мынадай іс–шаралар орындалды.

1. ХСБО жұмысының 2022-2024 жылдарға арналған жаңа бағдарламасының жобасын әзірлеу

Есепті кезеңде ықтимал өңірлік және халықаралық серіктестермен, оның ішінде словак кәсіпорындарымен 2022-2024 жылдарға арналған ХСБО жұмыс бағдарламасының жобасын талқылау бойынша жұмыс жүргізілді.

Атап айтқанда, 2021 жылғы 25 мамырда онлайн режимінде ХСБО словак тарапымен жұмыс кездесуі өтті. Кездесу екі негізгі мәселеге – 2022-2024 жылдарға арналған ХСБО жұмыс бағдарламасы шеңберіндегі ынтымақтастық бойынша болашақ бағыттарды талқылауға, сондай-ақ Орталық Азияның бес елінің мамандары үшін гидрометеорологиялық қызмет көрсету бойынша тренингті дайындау бойынша бірлескен іс-қимылдарды талқылауға арналды. Кездесу барысында словак тарапының ХСБО-ның 2022-2024 жылдарға арналған жұмыс бағдарламасының жобасына ұсыныстары және басқа да ұйымдастырушылық мәселелер қаралды. Кездесу қорытындысы бойынша словак тарапы 2022-2024 жылдарға арналған ХСБО жұмыс бағдарламасының жобасын алдын ала қолдады. Толығырақ ақпаратты қосымшада қоса береміз. *1-қосымша - ХСБО-ның словак кәсіпорындарымен кездесуі туралы ақпарат.*

2021 жылғы 17 маусымда ХСБО кеңсесінде су ресурстары және қоршаған орта жөніндегі USAID өңірлік жобасының өкілдерімен кездесу өтті. Кездесуде ХСБО-ның 2022-2024 жылдарға арналған жұмыс бағдарламасы шеңберіндегі ынтымақтастықтың перспертивтік бағыттары бойынша мәселелер талқыланды. Олардың ішінде америкалық тарапқа келесі бірлескен іс-шаралар ұсынылды - Қазақстан үлгісінде Орталық Азия экономикаларын дамытудағы су ресурстарының рөлін бағалау бойынша тақырыптық зерттеу жүргізу, Орталық Азияның бес елі үшін ерте ескерту жүйелері бойынша оқыту жүргізу, трансшекаралық сулар мониторингінің басшылық қағидаттары мен Стратегиясын жаңарту бойынша жұмыстар жүргізу және басқалар.

2021 жылғы 23 маусымда Орталық Азиядағы бөгеттердің қауіпсіздігі жөніндегі өңірлік кеңесте ХСБО-ның 2022-2024 жылдарға арналған жұмыс бағдарламасын таныстыру жоспарлануда. Осыған байланысты, 2021 жылғы 17 маусымда ХСБО-ның 2022-2024 жылдарға арналған пысықталған жұмыс

бағдарламасы орыс және ағылшын тілдерінде Трансшекаралық су ағындары мен халықаралық көлдерді қорғау және пайдалану туралы конвенция (*бұдан әрі – Конвенция*) хатшылығына қайта келісуге электрондық пошта арқылы жіберілді. *2 – қосымша - ХСБО-ның 2022-2024 жылдарға арналған жұмыс бағдарламасының пысықталған жобасы.*

2. Трансшекаралық су ағындары мен халықаралық көлдерді қорғау және пайдалану туралы конвенцияның хатшылығымен өзара іс-қимыл жасау және Конвенцияның жұмыс органдарының отырыстарына (Бюро, Су ресурстарын бірігіп басқару жөніндегі жұмыс тобы, мониторинг және бағалау жөніндегі жұмыс тобы, су және климат жөніндегі нысаналы топ, су, энергия және азық-түліктің өзара байланысы жөніндегі нысаналы топ) және Конвенцияны орындау шеңберінде ұйымдастырылатын басқа да іс-шараларға қатысу

2.1 2021 жылғы 20 мамырда Орталық Азиядағы бөгеттердің қауіпсіздігі жөніндегі өңірлік келісім және су мен денсаулық проблемалары жөніндегі Хаттама туралы мәселеге арналған Қазақстандағы су саясаты туралы Ұлттық диалог жөніндегі Ведомствоаралық үйлестіру кеңесінің (*бұдан әрі – ССҰД*) отырысын дайындау бойынша БҰҰ ЕЭК Хатшылығымен онлайн жұмыс кездесуі өтті. Хатшылықпен консультацияларда күн тәртібінің жобасы жасалды, сондай-ақ ұйымдастыру мәселелері талқыланды. ССҰД отырысын өткізу бойынша ұсыныстар мен күн тәртібінің жобасы ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің қарауына 2021 жылғы 20 мамырдағы №39 хатымен енгізілді.

2.2 2021 жылғы 28 мамырда Соня Коеппель ханымммен онлайн режимде жұмыс кездесуі өтті. Кездесуде Конвенция Тараптары Кеңесінің тоғызыншы сессиясы бойынша брифингке дайындық мәселелері талқыланды, сондай-ақ ХСБО жұмысының 2022-2024 жылдарға арналған бағдарламасын әзірлеу бойынша одан арғы қадамдар талқыланды. ХСБО Конвенция бюросы төрағасының сөзін дайындауға жәрдемдеседі, бұдан басқа ХСБО 2021 жылғы 17 маусымға дейінгі мерзімде хатшылыққа 2022-2024 жылдарға арналған пысықталған жұмыс бағдарламасын ұсынады.

2.3 2021 жылғы 18 маусымда Конвенция Бюросының телеконференциясы онлайн форматта өтті. Бюро телеконференциясында Конвенция Тараптары Кеңесінің тоғызыншы сессиясын өткізуге дайындыққа қатысты мәселелер талқыланды. Бюро мүшелері Тараптар Кеңесінің 9-шы сессиясының күн тәртібінің жобасын, сондай-ақ Тараптар Кеңесінің 9-шы сессиясына арналған құжаттар мен жарияланымдардың тізбесін қарады. ХСБО Конвенция бюросының төрағасы үшін отырыс жүргізу тәртібін дайындады. Жүргізу тәртібі қоса беріледі. *3 – қосымша -2021 жылғы 18 маусымда Конвенция бюросы отырысының телеконференциясын жүргізу тәртібі.*

2.2 2021 жылғы 21 Маусымда онлайн режимінде Конвенция Тарантары Кеңесінің тоғызыншы сессиясын жариялау бойынша брифинг өтті.

Брифингті Эстония Республикасының Тұрақты өкілдігі мен Біріккен Ұлттар Ұйымының Еуропалық экономикалық комиссиясы (БҰҰ ЕЭК) ұйымдастырды. Брифинг барысында Тараптар Кеңесінің негізгі тақырыптары мен шешімдеріне шолу, Қазақстанның 2019-2021 жылдардағы Конвенциядағы төрағалығының негізгі қорытындылары, сондай-ақ Эстонияның 2022-2024 жылдардағы төрағалығының болашақ кезеңіне арналған жоспарлары ұсынылды. Атап айтқанда, брифингте БҰҰ ЕЭК атқарушы хатшысы О. Альгаерова ханым алғы сөз сөйледі, Конвенция бюросының төрағасы А.Т. Зебешев Қазақстанның 2019-2021 жылдардағы төрағалығының қорытындылары туралы баяндама жасады, сондай-ақ Эстония Республикасының Тұрақты Өкілдігінің өкілдері 2022-2024 жылдар кезеңіндегі Конвенцияға Эстонияның алдағы төрағалығының перспективалары туралы баяндама жасады. ХСБО Конвенция бюросының төрағасы А.Т. Зебешевке үшін сөз сөйлеуін дайындады. *3 – қосымша - Конвенция бюросы төрағасының брифингте сөз сөйлеуінің жобасы.*

3. Трансшекаралық сулар бойынша ынтымақтастықты дамыту мәселелері бойынша, оның ішінде су және денсаулық проблемалары бойынша БҰҰ - ДДҰ ЕЭК хаттамасы бойынша талдамалық-ақпараттық материалдар дайындауда Қазақстанның мемлекеттік органдарына жәрдемдесу

ХСБО есептік ай кезеңінде мынадай талдамалық-ақпараттық материалдарды дайындау бойынша жұмыс жүргізді:

Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымының (ЕҚЫҰ) қарауы үшін Жайық (Орал) өзенінің трансшекаралық бассейні үшін деректер базасын құру бойынша ұсыныстар әзірленді. Осыған байланысты ЕҚЫҰ-мен жобаны қолдау туралы алдын ала келіссөздер жүргізілді, оның барысында ХСБО жобаның жоспарланып отырған іс-шаралары бойынша қосымша ақпарат берді. *5 - қосымша-Жайық (Орал) өзені үшін деректер базасын құру жөніндегі ұсыныстар.*

Трансшекаралық су ынтымақтастығының прогресі және ТДМ 6.5.2. көрсеткішіне қол жеткізу туралы екінші баяндаманың жобасына ұсыныстар дайындалды, 14.06.2021 ж. Трансшекаралық өзендер департаментінің электрондық поштасына жіберілді.

Қазақстанның Су және денсаулық мәселелері жөніндегі хаттамаға қосылуын жеделдету бойынша ұсыныстар дайындалды, 15.06.2021 ж. Трансшекаралық өзендер департаментінің электрондық поштасына жіберілді.

ҚР ЭГТРМ сұранысына сәйкес «Нарықтық экономикаға көшу контекстінде Сырдария өзені бассейнінің Қазақстандық бөлігі мысалында Орталық Азия елдерінің экономикаларын дамытудағы су ресурстарының рөлін бағалау» жобалық ұсынысы дайындалды. Бұл іс-шара ХСБО-ның 2022-2024 жылдарға арналған жұмыс бағдарламасына енгізілген. Ұсыныс Конвенция хатшылығына жіберу үшін әзірленді және Қазақстанның Конвенцияға ерікті жарналары шеңберінде қаржыландырылатын болады.

Жобалық ұсыныс қоса беріледі. *6-қосымша – «Орталық Азия елдерінің экономикаларын дамытудағы су ресурстарының рөлін бағалау» жобалық ұсынысы*

4. Басқа да іс-шаралар

4.1 ХСБО Қазақстандағы Су шаруашылығы қызметкерлерінің күнін мерекелеуге ұсыныстар дайындады. Ұсыныс ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің қарауына 2021 жылғы 25 мамырдағы № 40 хатымен енгізілді.

4.2 2021 жылғы 8 маусымда онлайн режимінде ЭЫДҰ-ның сарапшылар деңгейіндегі «Орталық Азиядағы «энергия ресурстары-су ресурстары-жерді» өңірлік ынтымақтастықтың қорытындылары» атты өңірлік семинары өтті. Кеңес елдердің аймақтық ынтымақтастықтағы қажеттіліктері мен қажеттіліктерін нексус тәсілімен байланыстыруға арналды. Семинарға мемлекеттік органдар, үкіметтік емес және халықаралық ұйымдардың өкілдері болып табылатын Орталық Азияның бес елінен сарапшылар қатысты. Семинар туралы толық ақпаратты қосымшада қоса береміз. *7 – қосымша -ЭЫДҰ өңірлік семинарының материалдары.*

Семинарға ХСБО атынан бас сарапшы Кульпаш Жакен қатысты.

4.3 2021 жылғы 18 маусымда су ресурстары және қоршаған орта бойынша USAID Өңірлік жобасымен және ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігімен ұйымдастырылған Қазақстан Республикасындағы Ұлттық секторараралық жұмыс тобының (ҰСЖТ) бірінші отырысы өтті. Отырыстың негізгі мақсаты су ресурстары және қоршаған орта бойынша USAID Өңірлік жобасының мақсаттары және міндеттерімен танысу болып табылады. Толығырақ ақпаратты қосымшадағы материалдарға қоса береміз. *8-қосымша - USAID ҰСЖТ отырысының материалдары.*

Семинарға атынан бас сарапшы Кульпаш Жакен және қоғаммен байланыс жөніндегі маман Камилла Сабыррахим қатысты.

5. Қаржыландыру.

Маусым айындағы қаржыландырудың жалпы сомасы

6 360 092 теңге, оның ішінде:

- есептелген еңбекақы төлемі – 5 111 120 теңге

(еңбекақы, демалыс, сауықтыруға арналған жәрдемақылар – 4 631 341, әлеуметтік салық – 398 327, әлеуметтік аударымда – 41 652, медициналық сақтандыруға аударымдар – 39 800);

- кеңсені жалға алу – 723 800 теңге;

- қамтасыз етушілерге қызметтері үшін ақы төлеу – 352 592 теңге;

- үстеме шығындар – 172 580 теңге – 25.06.2020 ж. № 83 қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша қызметтерді басқаруға және ұйымдастыруға жұмсалған «ҚР ХАҚҚ Атқарушы дирекциясы» ҚҚ шығындары.

Қосымшалар:

1) 1-қосымша - Словак кәсіпорындарымен кездесу туралы ақпарат, 1 б-ке.

2) 2-қосымша - ХСБО-ның 2022-2024 жылдарға арналған жұмыс бағдарламасының пысықталған жобасы, 8 б-ке.

3) 3-қосымша - 2021 жылғы 18 маусымда Конвенция бюросы отырысының телеконференциясын жүргізу тәртібі, 6 б-ке.

4) 4-қосымша - Конвенция бюросы төрағасының брифингте сөз сөйлеуінің жобасы, 3 б-ке.

5) 5- қосымша –Жайық (Орал) өзені үшін деректер базасын құру жөніндегі ұсыныстар, 3 б-ке.

6) 6-қосымша – «Орталық Азия елдерінің экономикаларын дамытудағы су ресурстарының рөлін бағалау» жобалық ұсынысы, 3 б-ке.

7) 7 – қосымша - ЭЫДҰ Өңірлік семинарының материалдары, 2 б-ке.

8) 8 – қосымша -USAID ҰСЖТ отырысының материалдары, 2 б-ке.

Директор **Б. Бекнияз**